

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2018 жылғы «31» қаңтар

БЖЗК өзінің филиалдық желісін оңтайландырады

БЖЗК өз бөлімшелерінің санын 218-ге дейін қысқартуды жоспарлап отыр. Еске сала кетелік, қазіргі уақытта бүкіл Қазақстан бойынша Қордың 231 бөлімшесі жұмыс істейді.

Қор бөлімшелеріне түсетін жүктемені, келушілер саны мен жүзеге асырылған операциялар санына талдау жасай келе Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры өзінің филиалдық желісін оңтайландыруды ұйғарды. Бұл ретте зейнетақы қызметтерін қашықтықтан көрсету және ақыл-кеңестер беру арналарының дамытылып жатқандығы ескерілді.

Осылайша, салымшылар мен алушылардың аз келуіне байланысты ақпан айында мына елді мекендерде 8 дербес қызмет көрсету орталығы жабылатын болады. Олар:

- Кеңқияқ кенті;
- Достық стансасы;
- Доссор кенті;
- Серебрянск қаласы;
- Төле би ауылы;
- Тайпақ ауылы;
- Жетібай кенті;
- Шар қаласы.

Айта кетелік, жоғарыда аталған елді мекендер аудан орталықтары емес. Оларға жақын орналасқан аудан орталықтарындағы БЖЗК бөлімшелері өз жұмыстарын жалғастыратын болады. Бұл ретте тұрғындарға көрсетілетін қызметтер «БЖЗК» АҚ сайтында орналастырылған электрондық қызмет көрсету арналары және көшпелі қызмет көрсету әдісі арқылы жүзеге асырылады. Көшпелі қызметті филиал қызметкерлері көрсетеді. Бұл жинақтаушы зейнетақы жүйесі мәселелері бойынша тұрғындар арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу аясында жүзеге асырылатын шара.

Сондай-ақ 1 ақпаннан бастап Семей, Тараз, Өскемен, Талдықорған қалаларында бір бөлімшеден қалатын болса, Алматы қаласында 4 бөлімше қалады. Мына 5 бөлімше жабылады:

- Алматы қ. (Райымбек даңғ. бойынша №4-ші бөлімше);
- Талдықорған қ. (Төлебаев көш. бойынша №1-ші бөлімше);
- Өскемен қ. (Виноградов көш. бойынша №1-ші бөлімше);
- Тараз қ. (Рахимов көш. бойынша №1-ші бөлімше);
- Семей қ. (Затаевич көш. бойынша №1-ші бөлімше).

Бөлімшелердің өзекті тізімін Қордың www.enpf.kz сайтының «Байланыстар» бөліміне кіру арқылы, сондай-ақ 1418 қысқа нөміріне қоңырау шалып білуге болады.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы
БАҚ үшін байланыстар: press@enpf.kz